

2

Ең үлкен капитал – халықтың сенімі



4

«Қайсардың» жігерлі ойыны



Сыр бойы

№113 (20989) 29 шілде, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Италияда өткен XI халықаралық CLIP 2025 опера байқауында топ жарып, жеңімпаз атанған Әйгерім Алтынбекке құттықтау жеделхатын жолдады.

– Еліміздің мәдениетін төрткүл әлемге танытып, халықаралық сарапшыларды мойындатқан бұл жетістігіміздің мәні маңызды зор. Сіз мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, төл өнерімізді әлемнің төріне шығардыңыз. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра бересіз деп сенемін! – деп жазды Президент.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС АЛАҒАДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, қала әкімі Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралады. Облыстық мәслихат төрағасы да жұмыс барысымен танысты.

Алдымен сол жағалауда бой көтерген көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс алаңына барды. Қазіргі уақытта нысандардағы ішкі орлеу және сырлау жұмыстары толық аяқталып, аулаларды абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру және инженерлік желілерді тарту қарқын алған.

Одан кейін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында құрылысы жүргізіліп жатқан білім нысандары тексерілді.

Солардың бірі – СПМК-70 шағын ауданында бой көтерген 1500 орындық заманауи мектеп. Бас мердігер «Integra Construction KZ» ЖШС. Құрылыс алаңында 150 инженер мен техникалық маман еңбек етуде.

2-бет



ӨНІРДІН ЖАҢА КЕЛБЕТІ

ЖАҢАДАН ТӨСЕЛГЕН ЖОЛДЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Сыр өңірінің жол-көлік инфрақұрылымын жақсартуға биыл 42 миллиард теңге қаржы қаралған. Қазір осы мақсатта ауқымды жобалар қолға алынып отыр. Десе де жаңадан төселген жол сапасы қандай? Осы орайда Жол активтері сапасының ұлттық орталығы облыстық филиалының мамандары республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған баспасөз турын ұйымдастырды. Онда журналистер қала аумағындағы бірқатар нысанда жылжымалы зертхананың тексеру жұмысымен танысты.

Кейінгі жылдары қаланың жол қатынасы жақсарып келеді. Осындай маңызды жобаның бірі – Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы. Бүгінде даңғылды Әбілқайыр хан және Саламатов көшелері аралығында ұзарту көзделген. Сол арқылы Сырдария өзенінің бойымен 2,8 шақырым жаңа жол пайдалануға беріледі. Оған қоса дария бөгеті нығайтылады.

Жоба бойынша жол төрт жолақты болады. Мамандар оның талапқа сай жасалуына назар аударып отыр. Алдымен топырақ төселген жер қабаты нығыздалып, 25 сантиметр малта тасты, құмды қоспа салынды. Содан кейін 8 сантиметр кырыштық тас пен 6 сантиметр ірі түйіршікті ыстық асфальт-бетон қоспасы төселуде. Жоғары бөлігіне кырыштық тасты, мастикалық асфальт-бетон қоспасы салынады. Жолдың қалыңдығы – 44 сантиметр.

–Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылында мамыр айында жұмыс басталды. Қазірге дейін жолдың негізгі қабаты салынып, бірқатар учаскесінде асфальт төсеу қолға алынып отыр. Филнал мамандары нысанның құрылыс материалдарынан 5 мәрте сынама алды. Жолдың сапасын ұдайы бақылап отырмаз. Зертханалық тексеру барысында өрескел кемшіліктер анықталған жоқ. Дегенмен, бірқатар сын-ескертпе берілді. Мердігер мекеме оны дер уақытында талапқа сай етіп түзетті. Жалпы біздің орталықтың мамандары жыл басынан бері 126 нысанда 607 зертханалық және аспаптық тексеруге шыққан. Олардан 1714 сынама алынып, тиісті сараптама жасалды. Облыс

басшылығы кейінгі жылдары жолдың сапалы салынуына баса назар аударып отыр. Сондықтан орталық мамандары бақылауды күшейтіп, кемшіліктерге жол бермеуге көңіл бөлген, –дейді облыстық филиал директоры Максат Мұқанов.

Айта кетсек, мамырда басталған жол құрылысының уақыты 9 айға белгіленген. Жобаның техникалық қадағалаушысы – «Altius LTD» ЖШС.

Сондай-ақ мамандар «Қызылорда-Жезқазған» республикалық автожолының қала аумағынан өтетін 2-12 шақырым аралығындағы орташа жөндеу жұмыстарын ұдайы бақылауда ұстап келеді. Маңызды нысанға «Қаз-АвтоЖол» ҰК» АҚ қаржылай қолдау көрсетті. Жөндеуден өтіп жатқан автожол қала іргесіндегі «Қарауылтөбе», Досан, Абай елді мекендері мен «Бәйтерек» шағын ауданы тұрғындарының көлік қатынасына оң септігін тигізеді.

2-бет



/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРҚЫНДЫ ЖОБАЛАР

Облыстық қоғамдық даму басқармасының бастамасымен Қазалы ауданында баспасөз туры өтті. Іс-шара барысында журналистер инфрақұрылымдық және әлеуметтік маңызды жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты.

Қазалы ауданы облыстың экономикалық және аумақтық дамуында маңызды орынға ие. Кейінгі жылдары мұнда бірқатар бағытта оң өзгеріс байқалады. Атап айтқанда, халықтың өмір сүру сапасы жақсарып, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым дамып, ауылдық елді мекендерді жаңғырту бағдарламасы белсенді орындалып келеді. Тұрғындарды

жұмыспен қамту, көркейту-көгалдандыру, білім, мәдениет салалары мен жол логистикасын дамыту мәселелері әрдайым назарда.

Баспасөз туры барысында журналистер бірқатар нысанда болды. Оның ішінде көлік инфрақұрылымы саласындағы ауқымды жобалардың бірі – «Қарлаң» учаскесіндегі темірбетонды көпір



құрылысы. Көпір аудандық маңыздағы «Қазалы – Қожабақы – Бозкөл – Кәукей» автомобиль жолының 16-шы шақырымында салынып жатыр. Оның құрылысы 2022 жылы басталған. Бірақ алғашқы мердігер өзіне жүктелген міндеттемені толық орындамай, келісімшарт сот тәртібімен бұзылған. Кейін қайтадан конкурс жарияланып, жаңа мердігер анықталды. Құрылыс жұмысын «Нұрлы Тау ЛТД» ЖШС қолға алды. Қазіргі күні көпір құрылысы қарқынды түрде жалғасуда.

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы

Тұрар Ыдырысовтың айтуынша, көпірдің жалпы ұзындығы – 248 метр, кіреберіс жолы қосқанда 2 шақырымнан асады, ені – 13 метр. Автожол III санатқа жатады.

– Жобада екі жолақты жүргіншілер жолы, екі жағынан жаяу жүргіншілерге арналған аяқ-жол, сырттай жарықтандыру және шекті қоршау қарастырылған. Құрылыс алаңында 40-қа жуық адам, 25 арнайы техника жұмысқа тартылған. Жұмыс кестеге сай жүргізілуде. Көпірге бетон, арматур тіреу орналастыру, монтаждау процесі әртүрлі сатыға жетті, – деді ол.

4-бет



САҚ ҚОНЫСТАРЫ ТАБЫЛДЫ

Абай облысындағы Қаратұмсық қорымынан осыдан 2700-2500 жыл бұрын өмір сүрген сақ тайпасына тиесілі жәдігер табылды. Қоныстардың бірінен 37 асық шыққан. Мұндай бірегей кешен ел аумағында бұрын зерттелген сақ дәуіріне тән қоныстарда алғаш рет кездесіп отыр. Тарихтың кені ашылған кешенде сақтарға қатысты тың ғылыми жаңалық жетерлік, – деп жазады Egemen.kz.

Shakarim University мен Ә.Марғұлан атындағы Археология институты Абай облысы Жанасемей ауданы Қараөлең ауылына қарасты Қаратұмсық қорымында археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Қос ғылым ордасы зерттеу жұмыстарын Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу» жобасы аясында қолға алған-ды.

Қаратұмсық археологиялық кешені – Шығыс Сырларқа аймағы мен Семей ядролық сынақ полигонына жақын орналасқан жерде тұңғыш рет кешенді түрде археологиялық зерттеу жүргізіліп жатыр. Осынау игі істің басы-қасында жүрген археолог Айдын Жүнісханның айтуынша, Абай облысы аумағындағы тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін анықтау, тізімге алу және зерттеу мақсатында кешенді ғылыми зерттеу қолға алынып отыр.

ХАЛЫҚ САНЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Қазақстан аумағындағы халық саны XIX ғасырдың соңынан бері қалай өзгерді? Бұл туралы мәліметті Ұлттық статистика бюросы жариялады, – деп хабарлайды Қазақпарат.

Ресей империясының 1897 жылғы алғашқы жалпыхалықтық санағының деректеріне сәйкес, кейінірек Қазақ АССР-інің құрамына енген кезде 4,3 млн адам тұрған, олардың 3,5 млн-ы қазақ болған.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 жылы Қазақстан халқының саны 16,4 млн адам болды. Алайда көші-қон үдерістеріне байланысты 2000 жылы бұл көрсеткіш 14,9 млн-ға дейін азайды. 2010 жылы халық саны қайтадан 16 млн межелесінен асып, 16,2 млн адам болды. 2023 жылғы қарашада еліміздегі халық саны алғаш рет 20 миллионнан асты. Ал 2025 жылғы 1 маусымдағы соңғы деректерге сәйкес, Қазақстан халқының саны – 20,3 млн адам, – делінген хабарламада.

«SARBAZ+» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ

Қорғаныс министрлігі жаңа форматтағы мерзімді әскери қызметтің «SARBAZ+» пилоттық жобасын іске асыруда. Бағдарлама әскери қызметшілерді даярлау сапасын арттыруға және заманауи технологияларды күнделікті әскер өміріне енгізуге бағытталған, – деп хабарлайды Akyn.kz.

Осы күзде Алматы облысында орналасқан Әуе қорғанысы күштерінің 78460 әскери бөлімінде 150 әскерге шақырылушы жаңа үлгі бойынша қызмет атқара бастайды. «SARBAZ+» сарбаздардың жеке және кәсіби әлеуетін дамытуға, қызмет көрсету жағдайларын жақсартуға және күнделікті қызметті басқаруға цифрлық құралдарды енгізуге бағытталған шешімдерді сынақтан өткізуге арналған алаңға айналады.

Әрбір әскери қызметшіге нақты уақыттағы биометриялық көрсеткіштерді бақылау үшін фитнес-білезік беріледі. Деректер медициналық персонал мен командирлерге қолжетімді орталықтандырылған мониторинг жүйесіне келіп түседі, бұл жеке құрамның денсаулық жағдайын тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді. Бейне талдау жүйесі де енгізілуде.

Валюта бағамы:

\$ 538,64 kzt

€ 631,56 kzt

₸ 6,85 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

☀️ +40°

🌙 +25°

Сәрсенбі

☀️ +37°

🌙 +24°

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ЖАҢАДАН ТӨСЕЛГЕН ЖОЛДЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Ұлттық сапа орталығы жылжымалы зертханасының мамандары жаңадан төселген асфальт жабындысынан сынама алды. Бұған дейін аталған аумақта 40 мәрте тексеру жүргізілді. Барлығы 122 сынамамен зертханалық тексеру шарасы атқарылды.

– Орташа жөндеуден өтетін автожолдың ұзындығы 9,5 шақырым болса, ені 14 метрге жуық. Қазірге дейін төсемесі кеңейтілді, 7,3 шақырымында жолдың негіздемесі 20 сантиметр қалыңдықта ресайклерлеу әдісімен жасалды. Содан кейін 6 шақырым

жүзеге асты. Бұл учаскелерде кезең-кезеңімен жол қозғалысын ұйымдастыру жоспарлануда, – дейді «Қаз-АвтоЖол» ҰК» АҚ ҚОФ директорының орынбасары Ерсайын Мұзафар.

Орташа жөндеу жұмыстары былтыр желтоқсан айында басталған еді. Бас мердігер міндетін «Дорстрой» ЖШС атқарса, «АДСИ» ЖШС техникалық қадағалаушы ретінде бекітілген.

Мамандардың айтуынша, жол құрылысынан алынған барлық сынама орталықтың заманауи зертханасында сараптамадан өтеді.



бөлігіне 8 сантиметр ірі түйіршікті асфальт төселген. Жамылғының жоғарғы қабатына 5 сантиметр қиыршық тасты мастикалық асфальт төсеу басталды. Бүгінде жоғарғы қабаты бойынша жұмыстың 1,6 шақырымы

Автоматтандырылған қондырғылар арқылы асфальт жабындысының тығыздығы, суға қанығу коэффициенті өлшенеді. Оның құрамындағы қиыршық тас пен құмның да сапасы анықталады.

– Жол сапасын арттыру үшін құрылыс материалдарын сараптамадан өткізетін зертхана заман талабына сай болуы керек. Ұлттық сапа орталығында қазір бұрынғыдай қағазбастылық жоқ. Жолдан алынған әрбір сынама арнайы планшет арқылы базаға тіркеледі. Асфальт жабындысы нөмірленіп, қандай сараптама жүргізілгені нақтыланады. Оның нәтижесі тайға таңба басқандай платформада көрсетіліп тұрады, яғни, қазір біздің жұмысымыз толықтай цифрлық жүйеге көшті. Зертханада 100-ден астам бүгінгі күн талабына сай үлгідегі заманауи қондырғы бар. Бұрын бір сынамаға 10-15 күншіл кететін болса, қазір оған 2-3 күн жұмсаймыз. Мамандар жыл сайын шетелде біліктілік арттырады. Осылайша олардың озық тәжірибесін өндіріске енгізіп жатырмыз, – дейді зертхана меңгерушісі Мағжан Қасымхан.

Айта кетейік, бүгінде Жол активтері сапасының ұлттық орталығы мамандары 11 республикалық, 10 облыстық, 88 аудандық және елді мекен ішкі жолдарына, қаладағы 16 көшеге бақылау жүргізуде.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

1-бет

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

ЕҢ ҮЛКЕН КАПИТАЛ – ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ

Депутат – халық пен білік арасындағы дәнекер. Оған артылар сенім жүгі ауыр. Осындай жауапкершілікті арқалап жүрген облыстық мәслихат депутаты Батырхан Базарбаевпен сайлауалды бағдарламаның орындалуы, сайлаушылармен байланыс тұрғысында өңгіме өрбіттік.



– Мәслихатқа келудегі мақсатыңыз қандай болды? Сайлауалды бағдарламаңызда не айтылған еді?

– «Атапата» партиясының атынан Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына партиялық тізіммен үміткер болып ұсынылып, сайландым. Сайланғаннан бері партияның «Халықпен бірге» атты сайлауалды бағдарламасының жол картасына енгізілген тармақтарының орындалуына әрбіріміз жауаптымыз. Қазіргі таңда ел аманатын арқалаған құжат – сайлауалды бағдарламаның уақытылы, сапалы жүзеге асырылуы бақылауда. Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Мемлекет басшысының тапсырмасымен, аймақ басшысының ұйымдастыруымен өңірімізде бірқатар жаңа нысан ашылып, тұрғын үйлер пайдалануға беріліп, тұрғындар газ, ауысу, жол, жарық, тағы басқасының игілігін көріп отыр.

Мәслихатқа келудегі мақсатым – халыққа пайдамды тігізу. Өзім теміржол саласында еңбек етемін. Еңбек адамы ретінде қоғамдағы нақты мәселелерді көріп, естіп жүрмін. Сол тәжірибем арқылы ортақ игілікке үлес қосқым келеді.

– Берген уәдені орындау қиындықты мүмкін болып жатыр және ол неге байланысты?

– Берген уәдені орындау – мен үшін басты жауапкершілік. Бұл процестің жүзеге асуы бірнеше негізгі факторға байланысты. Ең алдымен, уәденің заңнамалық және бюджеттік негізі болуы керек. Кейбір жобалар ұзақмерзімді стратегиялық жоспарға енеді, кейбірі шұғыл шешімді қажет етеді. Қазіргі таңда өзін берген уәделердің бірқатарын орындау жолында депутаттық сауалдар жолдап, нақты жұмыстар жүргізіп жатырмын. Бұл істердің орындалуы жергілікті атқарушы органдармен, мемлекеттік бағдарламалармен және бюджет бөлінісімен тығыз байланысты. Халықтың аманаты мен сенімін ақтау үшін күнделікті жұмысты ашық, жүйелі және тиімді етуге күш саламын.

– Оқырман білгені дұрыс, облыстық мәслихатқа қаланың қай аумағынан сайландыңыз? Тұрғындарды көбіне қандай мәселелер

мазалайды? «Міне, мынау шешілді» дейтіні бар ма?

– Мен партиялық тізіммен сайланғандықтан аумаққа бөлінбейміз. Елдік мәселелерді бірігіп шешуге жұмыс жасаймыз. Негізінен нақты мынадай мәселе деуге келмейді. Түрлі сұрақтар болады. Оның ішінде инфрақұрылым және жол мәселесі, жұмыссыздық пен табыс, тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық қызмет, әлеуметтік қолдау және тағы басқа салалар. Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалын күрделі жөндеуден өткізуге, Арал ауданында теміржол арқылы өтетін аспалы көпір ашылуына, сондай-ақ Қызылорда қаласындағы Жанкожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелін салу бағытында үлесім болды. Әрине, «депутатпын, тау қопарып, тас жарам» дей алмаймын. Барлық өтініш-тілектің заң аясында кезең-кезеңімен шешілуіне ықпал жасаймын.

– Тұрғындармен қаншалықты жекі кездесесіз? Сайлаушылардың жағдайын жақсы білесіз бе?

– Сайлаушылармен жиі кездесемін. Мысалы, партияның облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде, бастауыш партия ұйымында жеке қабылдаулар, одан бөлек аудандарда көшпелі қабылдаулар ұйымдастырып, тұрғындардың талап-тілегін тыңдап, назарға алып, кейде сол мезетте шешуге, кей жағдайда тиісті органдармен бірлесіп жұмыс жасаймыз. Халықтың жағдайын жақсы білемін. Нақты шешімге бағытталған жұмыстар жүріп жатыр деуге болады.

– Әлеуметтік желі халықпен байланыс орнатудың тиімді құралына айналады. Өзіңіз оны қалай пайдаланып жүресіз?

– Иә, қазіргі заманда әлеуметтік желі – халықпен ашық әрі тікелей байланыс орнатудың ең тиімді тетіктерінің бірі. Мен өз парақшаларым арқылы тұрғындардың пікірін, өтінішін, ұсынысын бақылап отырамын. Әр жазбаға уақытылы жауап беруге тырысамын. Халық қай мәселеге назар аударып отыр, қандай түйткіл бар – соның бәрін сол алаңда көріп отырамыз. Сонымен қатар атқарылып жатқан жұмыстар, кездесулер, бастамалар туралы да ашық ақпарат беріп келемін.

– Халықтың депутатқа сенімі туралы не айта аласыз?

– Халықтың сенімі – депутат үшін ең үлкен капитал. Бұл сенім бір күнде пайда болмайды, ол тұрақты жұмыс пен ашық диалогтың нәтижесінде қалыптасады. Адамдар уәденің орындалуын, сөзден кейін нақты әрекетті күтеді. Сондықтан мен үшін әрбір кездесуде, әрбір өтініште, әрбір мәселеде халықтың сенімін жоғалтпай, керісінше, күшейту – басты міндет. Сенім болған жерде нәтиже болады. Ал сенімнің өлшемі – атқарылған іс, ашықтық және қолжетімділік.

– Өңгіменізге рахмет.

Өңгімелескен
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ЖОБА

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ (ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОСПАҒАНДА) СУБСИДИЯЛАНАТЫН ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН ЖӘНЕ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ САТУШЫДАН САТЫП АЛЫНҒАН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ 1 ТОННАСЫНА (ЛИТРИНЕ, КИЛОГРАМЫНА) АРНАЛҒАН СУБСИДИЯЛАР НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 23 МАМЫРДАҒЫ № 111 ҚАУЛЫСЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 23 мамырдағы №111 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №8612-11 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына сәйкес бекітілген Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары мынадай мазмұндағы реттік нөмірлер 936, 937, 938, 939, 940, 941, 942, 943, 944, 945, 946, 947, 948, 949, 950, 951, 952, 953, 954, 955, 956, 957, 958, 959, 960, 961, 962, 963, 964, 965, 966, 967, 968, 969, 970, 971, 972, 973, 974-жолдарымен толықтырылсын:

936.	Amco Cereals	килограмм	1 339
937.	AmcoCorn	килограмм	825
938.	Amco Potato (АМКО Картофель)	килограмм	990
939.	Fulltec	литр	8 085
940.	Reasil Forte КомбоАктив	литр	2 500
941.	Top Zinc Max	литр	9 632
942.	YaraAmplix Optinue	литр	4 850
943.	Агрохимикат БИОНЕКС-КЕМИ ЖИДКИЙ 10:10:10 маркасы	литр	1 617
944.	Агрохимикат БИОНЕКС-КЕМИ ПРОФИ 35:1:1,5 маркасы	килограмм	941
945.	Агрохимикат БИОНЕКС-КЕМИ ПРОФИ 40:1,5:2 маркасы	килограмм	941
946.	Агрохимикат БИОНЕКС КЕМИ РАСТВОРИМЫЙ 2:40:27+1,2 маркасы	килограмм	941
947.	Агрохимикат БОРОГУМ	литр	2 405
948.	Агрохимикат БОРОГУМ ЭКСТРА Мо маркасы	литр	5 130
949.	Агрохимикат БОРОГУМ ЭКСТРА Комплексный маркасы	литр	2 434
950.	Микротыңайтқыш «ГИСИНАР БОР»	литр	3 121
951.	Минералды тыңайтқыш Изagri-К, Форс Питание маркасы	литр	2 640
952.	Минералды тыңайтқыш Изagri-К, Фосфор маркасы	литр	1 908
953.	Минералды тыңайтқыш Изagri-М, Форс Рост маркасы	литр	2 640
954.	Нутривант Плюс Рис 0-46-30	килограмм	1 850
955.	Нутривант Плюс Ячмень 0-23-42	килограмм	1 430
956.	Микроэлементтермен байытылған суперфосфат	тонна	19 643
957.	Микроэлементтермен байытылған суперфосфат ұнтағы	тонна	19 643
958.	Текнокель S	литр	1 703
959.	Тыңайтқыш Humasporin	литр	2 798
960.	Тыңайтқыш Reasil Forte Carb-K-Amino	литр	3 062
961.	Тыңайтқыш Reasil Forte Carb-N-Humic	литр	1 426
962.	Тыңайтқыш Reasil Forte Семя Старт	литр	2 600
963.	Тыңайтқыш Reasil Forte Семя Старт	литр	2 600
964.	Тыңайтқыш Reasil micro Amino B/Мо	литр	4 594
965.	Тыңайтқыш Reasil micro Amino Zn	литр	3 010
966.	Тыңайтқыш Reasil micro Hydro Mix	литр	4 118
967.	Топырақ құнарлығын қалпына келтіруге арналған Reasil® Soil Conditioner тыңайтқышы	литр	686
968.	Органикалық егіншілікке арналған Reasil® Soil Conditioner тыңайтқышы	килограмм	686
969.	Тыңайтқыш SAMPII	литр	3 572
970.	Тыңайтқыш «БОГАТЫЙ» «5:6:9» маркасы	литр	1 601
971.	Тыңайтқыш К-Гумат-На микроэлементтермен	литр	1 125
972.	Тыңайтқыш «Ростолон 13-40-13 + ME»	килограмм	738
973.	Тыңайтқыш «Ростолон 17-7-24+ME»	килограмм	738
974.	Тыңайтқыш «Ростолон 20-20-20+ME»	килограмм	738

».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі

Н. НӘЛІБАЕВ

Ескерте: аббревиатуралардың толық жазылуы:
б.д. - бұдан дәуіріміздің;
б.д.д. - бұдан дәуірімізге дейінгі;
ғ. - ғасыр;
ғ.ғ. - ғасырлар;
ж. - жыл;
ж.ж. - жылдар;
н/з. - нөмірсіз.

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРҚЫНДЫ ЖОБАЛАР

Маңызды инфрақұрылымдық жоба жергілікті тұрғындар үшін жоғары мәнге ие. Атап айтқанда, жаңа көпір белгіленген мерзімде, яғни жыл аяғына қарай пайдалануға берілгеннен кейін Жанкент, Бірлік, Қожабақы, Аранды, Бозкөл, Тасөткел, Лакалы, Ажар, Тасарық және Кәукей елді мекендерінде тұратын 12 мыңға жуық халықтың аудан орталығына қатынау мүмкіндігі жақсарып, көлік қатынасы айтарлықтай жеңілдейді.

Келесі маңызды нысан – көпбейінді аудандық аурухана базасында салынып жатқан инсульт-кардиология орталығының құрылысы. Аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаевтың айтуынша, жоба «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасына сәйкес қолға алынды. Жоба аясында өткен жылы Абай, Бозкөл, Кәукей елді мекендерінде жаңа дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға берілді. Оның ауқымы кеңейіп, аудан орталығында 42 орынға арналған мамандандырылған мекеме құрылысы жүргізілуде. Нысан инсульттен кейінгі және кардиологиялық көмекке зару адамдарға медициналық қызмет көрсетуге бағытталған.



– Жоба құны – 1,8 млрд теңге. Мердігерлік жұмысты «СМП-Қызылорда» серіктестігі мойнына алған. Медициналық мекеменің құрылысы биыл сәуірде басталды, қазан айының соңына қарай алғашқы пациенттерін қабылдай бастауы тиіс. Қазіргі күні жұмыстың шамамен 70 пайызы мәресіне жетті, – делі Жалғас Сүйеубаев.

Жаңа орталық заманауи құрал-жабдықпен, оның ішінде магнитті-резонансты томографпен қамтамасыз етіледі. Осылайша қазалылықтар алысқа сабылмай-ақ, МРТ мүмкіндігін пайдалана алады. Бұл уақыт пен ақша үнемдеуге ғана емес, ауруды ерте сатысында анықтау және емдеуге көмектеседі.

– Бұл – жай ғана палата мен аппаратура емес, керек кезде жакыннан көмек алу мүмкіндігі. Аудандағы медициналық реформа жаңа нысандарды қолданысқа берумен шектелмейді. Өткен жылы 25 жаңа санитарлық көлік сатып алынды. Қазіргі күні бұл көліктер ауылдарда науқастарды тасымалдау және көшпелі кеңес беру ісінде көмекшіге айналды, – делі аудан әкімінің орынбасары.

БАҚ өкілдері сондай-ақ ауылдағы ағайынның өмір сүру сапасын жақсартуға тікелей сеп газдандыру жұмысына куә болды. Мыңдаған адамды толғандырмай мәселе ақырындап шешімін тауып келеді. Қазіргі күні Жанқожа батыр, Бекаристан би, Майдакөл және Үрмәш Түктібаев ауылдарында магистральды газ құбырларының құрылысы қарқынды жүруде. Жұмыс жыл соңына дейін аяқталса, ауданның газдандыру көрсеткіші биыл 73 пайызға жетпек.

– 2024 жылы мемлекеттік бағдарлама аясында 3 жоба жүзеге асырылды. Абай және Ақтан батыр елді мекендерін

1-бет

«көгілдір отынға» қосу аяқталды. Жергілікті тұрғындар от жағу бейнетінен құтылды. Алдағы уақытта тағы төрт ауылдың халқын осылай қуаттуды жоспарлап отырмыз. Қаржысы бөлінді, құрылысты барлық технологиялық талапты сақтай отырып жүргізуде, – делі аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Айдан Ниязов.

Оның сөзіне сүйенсек, 2025 жылы Ақсуат, Өркендеу, Бірлік және Қожабақы ауылдарына табиғи отын жеткізіледі. Көп ұзамай жоба-сметалық құжаттары дайындалып, құрылыс кезең-кезеңімен қаржыландыру мәселесі шешіледі.

Майдакөл ауылындағы 100 орындық ауылдық клубтың құрылысы да – маңызды мәдени нысандардың бірі. Клуб құрылысы аяқталуға таяу, сол кезде бұл ауыл халқының руханият ордасына айналмақ. Мұнда түрлі мәдени іс-шаралар, жыйындар, концерттер ұйымдастыру жоспарланып отыр.

– Осындай клуб бұрыннан керек болып жүрген. Ескісі ауылдағы ағайынның асарлатуымен салынған болатын. Қазіргі заманның үлесінен шықпайды. Халықтың өсімі, жастардың үйірмелер мен жаналыққа әуестігінің өзгеруі жанаруды талап етті. Бұйырса, клубта ән, би, қолөнер, мәнерлеп оқу, домбыра үйірмелері жұмыс істейді. Алғашқы жылы мұнда шамамен 65 бала мен жасөспірімді өнерге баулу жоспарланған, – дейді ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы Өлшір Жақсыбай.

Қазалы ауданының мәдениет саласында да соны серпіліс бар. Қысқа уақыт ішінде бірнеше жаңа нысан салынып пайдалануға берілді. Бұл қатарда аудан орталығындағы Роза Бағланова атындағы 600 орындық мәдениет үйі, сондай-ақ Кәукей ауылдық клубы бар. Өткен жылы ауданда 1800-ге жуық мәдени, спорттық және көпшілік іс-шара ұйымдастырылды.

Журналистер назарын аударған ерекше нысан қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Әйтеке би кентіндегі теміржол вокзалы болды. 120 жыл бұрын салынған тарихи нысан аудан орталығының символы саналады. Қазіргі күні құрылысшылар оның архитектуралық кескіні мен уақыт көшіндегі бейнесін сақтай отырып қайта жаңғыртуға күш салуда. Аудан



әкімінің орынбасары Мұрат Әбсұлтановтың айтуынша, бұл аймақтың стратегиялық тартымдылығын арттырып, көлік қатынасын жаңа деңгейге көтереді. Сонымен қатар іскерлік және туристік белсенділікке жол ашады.

Ал Әйтеке би кентіндегі мәдени-демалыс саябағы ауданның визит картасына айналып отыр. Алдымен Жеңіс паркінің аумағы игеріліп, кейін отбасылық саябақ құрылды. Бұл мақсатқа аудандық бюджеттен қосымша 344 млн теңге бөлініп, «Қаз Элит Строй Сервис» компаниясы қарқынды жұмыс атқарды. Мұны мемлекет пен жекеменшік әріптестіктің ынтымақтастығының жемісі деуге болады.

– 20 гектардан астам жерге жауу жүргініштер жолы, тақырыптық аллеялар, субұрқақтар, әткеншектер, артысандар, шағын аквапарк, кафе, отбасылық мейрамханалар орналасқан. Мұнда «Ғашықтар» аллеясы, «Хан тағы» мүсіндік композициясы, Қазалы ауданының құрметті азаматтарына арналған аллея бар. Біз ұсақ-түйекке дейін мән беріп, парктің эстетикалық мағынасын ашуда күш салдық, – дейді Мұрат Әбсұлтанов.

Баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері Қазалы ауданында өңірдің өркендеуіне, елдің тұрмысын жақсартуға бағытталған жүйелі бастамалардың нақты көрінісіне куә болды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



ӘДЕП НОРМАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ТИІС

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру. Бұл ретте азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру департаменттің негізгі қызмет бағыттарына жатады.

Мысалы, 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері негізінде кодексті талаптарын бұзғаны үшін 2 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 3 мемлекеттік қызметші әртүрлі тәртіптік жазаларға тартылса, 1 тәртіптік істің қаралуы тоқтатылған.

Атап айтсақ, департаменттің қарауына түскен Шиели ауданының тұрғыны Е.-нің шағымы негізінде Қызылорда облысының білім басқармасына қарасты аудандық білім бөлімі басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Шағым иесі аудандық білім бөлімі басшысының жеке қабылдауында болған кезде оның дәрежелік танытып, арнамысына тиетін сөздер айтып, сыпайылық танытпағаны үшін шара көрүді сұраған. Осы уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсініктеме алынып, онда ол Е.-нің шағымында көрсетілгендермен келіспеген. Дегенмен, Е. ұсынған аудиожазбаны зерделеу барысында аудандық бөлім басшысы әдептілік нормаларын сақтамағаны белгілі болды.

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің 6-тармағының 4) тармақшасында «Мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дәрежелік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынга себепкер болмауы тиіс» деген талаптар қойылған.

Тексеру нәтижесінде жинақталған дәлелдер арқылы бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын бұзылуына жол бергені анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп

жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, кеңес шешімімен оған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазаны қолдану ұсынылды.

Шешімді қарау нәтижесінде Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының 2025 жылғы 14 мамырдағы №50-ж/к бұйрығымен аудандық бөлім басшысына «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды. Сөйтіп, Әдеп жөніндегі кеңес шешімімен Е.-нің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, департамент мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстарын жүргізіп келеді. Талдаудың нәтижесімен 4 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 11 мониторинг жүргізіліп, 11 үстеме жұмыс жасау фактісі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 51 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 117 демалыс сағаты берілді.

Департамент өткен жылдың қорытындысымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйақы беруде заңдылықтардың сақталуына талдау жүргізді. Талдау нәтижесімен 6 мемлекеттік қызметшіге негізсіз сыйақы берілмегені, аланды құқықтары бұзылғаны анықталды. Осы мәселе Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, қабылданған шешім негізінде 6 мемлекеттік қызметшіге сыйақы төленді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылуына қадағалайтын болады.

Е.МЕНДАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Қызылорда облысы
бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

АДАМНЫҢ ЖАН АЗЫҒЫ



Кітап – адамның жан азығы. Одан сусындаған адам шөлдемейді, бойына білім бұлағынан нәр алады.

Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» дегені бар. Бір кезде Қызылорда пединститутында ректор болған, ғалым Әділ Ермеков лекциясында «Абай жолы» романының үзінділерін майын тамызға жатқа айтқанда студенттер сілтідей тынушы еді. Адамзаттың Айтматовты шетелге шығарда сөмкесіне «Абай жолы» мен «Манас» дастанын қалдырмай алып жүретін болған. Екеуін айтқан кезде шетелдіктер қазақ пен қырғыз деген ел барына сүйсіне бас иетін болған. Сонан соң Айтматова деген ілтипат молая түсетінін заңғар жазушы аузынан тастамаушы еді.

Майдангер жазушы Қалмақан Әбдіқалыров Ұлы Жеңіспен Берлиннен оралғанда екі қап кітапты аркалап келгені ұзақ әңгіме. Майдангер неміс классиктерінің дүниелерін аударып, ендігі жерде сонымен сусындаймын дегені еді. «Мың бір түнді» мәлдіретіп аударған білімпаздың осы бір сөзі кітапқа деген сүйіспеншілігін аңғартады.

Әрбір шаңырақта кітап, кітапхана болуға тиіс. Ғалым, жазушы Мырзатай Жолдасбеков тұңғыш қызын ұзатарда үйіндегі бар кітапханасын сыйға тартқанын жазғаны бар.

Жуырда Сыр өңірінде ұлағатты іс болды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев 600-ден астам кітапты облыстық Ә.Тәжібаев атындағы кітапханаға сыйға тартты. «Нәлібаев Нұрлыбек Машбөкұлының жеке кітапханасынан» деген жазумен алыстан жарқырап көрініп тұр. Бұл кітаптарға оқырмандар легі толастамай, толығы түсуде.

Ә.Тәжібаев атындағы кітапхана директоры, тарих ғылымының кандидаты Н.Мыңжас бұл жайында:

– Біздің кітапхананың қазіргі қоры 500 мыңға жуықтайды. Жазушы Қалтай Мұхамеджановтың кітапханасынан сыйға тартылған сегіз мыңға жуық, одан бөлек облыс әкімінің кітаптары қазынаға қосылды, – делі.

Облыс әкімінің бастамасына қалың жұртшылық бәрекелді деп алғыс жаудырды.

Расында, бәрекелді!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі



«Қайсардың» жігерлі ойыны

Футболдан Қазақстан біріншілігінің екінші айналымының басталғанына бес тур өтті. Доп достасы мәресіне жақындаған сайын тартыс күшейе түсті. Алдыңғы бестікте келе жатқан клубтар бас жүлдені сарапқа салса, төменгі жағында орналасқаны үздіктер қатарында қалуға тырысады. Биыл құрамын толықтай қазақстандық ойыншылардан жасақтаған қызылордалық «Қайсар» әрбір кездесуде жанкүйер көңілінен шығуға күш салып келеді. Сенбіде өз алаңында өткен Петропавлдың «Қызылжарымен» ойында да сол сөзімізді тағы бір мәрте дәлелдей түсті.



Фото: Сыр спорты

Төреші ысқырығы естілген сәттен шабуылға шыққан жерлеріміз жылдам гол соғып үлгерді. Әріптесі Айбар Жақсылықовтың берген пасын жартылай қорғаушы Өркен Махан тиімді пайдалана білді. Оң қанаттан лоппен айып алаңына дейін емін-еркін жеткен ол қақпа маңына барған сәтте «Қайсардың» тағы бір ойыншысы Никита Губаревтің ашық қалғанын байқады. Оған допты ыңғайлы түрде шығарып берді. Оны Никита Губарев мүлт жіберген жоқ. Осылайша қызылордалық клуб небәрі 3-минутта алға шықты.

Қос команданың бұдан кейін де есепті өзгертетін көптеген мүмкіндігі болды. Дегенмен қарсыластар бұл сәтте сауатты ойнай білді. Өрескел қателікке бой алдырған жоқ.

Екінші кезеңде петропавлдық футболшылар таразы басын теңестіруге ұмтылды. Мұндай сәтте «Қайсар» қақпашысы Нұрымжан Салайдин жойқын соққыларға тойтарыс берді. Қызылордалық қорғаушылар сенімді ойынымен көзге түсті. Нәтижесінде таблодағы есеппе ешқандай өзгеріс енген жоқ.

Кездесу барысында жерлеріміз қарсыласынан 1:0 есебімен басым түсіп, турнир кестесінде 17 ұпаймен оныншы орынға көтерілді. Енді олар 3 тамызда сырт алаңда елордалық «Астана» командасымен кездеседі.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Шарабидинов Қуат Әбішұлына енесі **Қалмырзаева Шакира Қалмырзақызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

<https://twitter.com/syrboyi>

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.